

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ «САУЫҚТЫРУҒА 10 ҚАДАМ» БАСТАМАСЫ

(Жалғасы, басы өткен санда.)

2 ҚАДАМ. Салауатты тамақтану және салмақты бақылау

Салауатты тамақтану сырқаттардың көп түрлерін алдын алуда маңызды орын алады, оның ішінде жүрек аурулары, инсульт, жоғары артериялық қысым, диабет, қатерлі ісіктер.

Зиянды тағамдар өмір ұзақтығының қысқаруына алып келеді. Қатты майлардан, қосылған қанттардан және өңделген дәннен алынған калорияларды көп мөлшерде тамаққа пайдалану артық салмаққа немесе семіздікке алып келеді. Семіздік жүрек-тамыр сырқаттарына әкеліп соқтырады. Газдалған суды пайдалану ағзадағы кальцийді айдап шығады, және 40

жастан асқанда адам белсенді түрде сүйек массасын жоғалта бастайды. Зиянды тағамдарды тұрақты түрде пайдаланғанда, қатерлі ісік торшаларының түзілуіне алып келетін қауіпті мутагенді заттар ағзада жинала бастайды.

ДСН сыныптамасы ¹	Жетекшісі салмақ	Денсаулық үшін қауіп
Жетекшісі салмақ	< 18,5	Басқа бұзылғыстармен бірге қауіп бар. Семіздіктен қоса жүрегі сырқаттарын даму мүмкіндігі күрт төмендейді, дене салмағының жеткіліксіздігі әртүрлі себептерге бейім.
Қалыпты салмақ	18,5 – 24,9	Бәрі қалыпты. Салауатты тамақтанумен белсенді спортпен шұғылдана, немесе күніне 20 000 қадамнан кем емес.
Артық салмақ	> 25	Асқынатын дамуымен қауіп бар.
Семіздік алды	25,0 – 29,9	Тәтті, тұны, аны және майлы тағамдарды қабылдауда шектену. Физикалық ауырталмасты, спортты көбейтіңіз, немесе күніне 15 000 қадамнан кем емес.
Семіздік	30,0 – 40,0	Артық салмақтың табиғаты? Семіздіктен байланысты сырқаттар дамуымен жоғары қауіп. Асқынатын аурулар жүрегі мен жүйелерін сырқаттары бар. Тексерілу мақсатында және дене салмағын төмендету мақсатында жеке бағдарлама құрастыру үшін, және де семіздіктен басқа асқынатын да омық мықпалында тұрмай тұрмай, әлсізге көшуі қажет. Усыма, бірақ жүйесі физикалық ауырталмақтар, дене шынықтыру, немесе күніне 10 000 қадамнан кем емес.
Семіздік І дәрежелі	30,0 – 34,9	Денсаулықтан қорықпай тұрмай артық салмақтың қызығым?
Семіздік II дәрежелі	35,0 – 39,9	
Семіздік III дәрежелі	> 40,0	

Теңдестірілген тамақтану дұрыс дене бітімі сақтауға және де ішкі зат алмасуды тұрақтандыруға көмектеседі. Салмақты азайту немесе қосу қажет болған жағдайда, пайдалынатын калория санын және өмір салты ерекшеліктерін ескере отырып күнделікті рацион құрасты-

ру керек, себебі физикалық ауырталдықтар түскенде адам ағзасы көп энергия жұмсайды.

Салауатты тамақтану сырқаттарды алдын-алуға көмектеседі, оның ішінде диабет, жүрек аурулары, ми қанайнылымының бұзылуы және қатерлі ісік.

Артық салмақ және семіздік – бұл денсаулыққа зиянды әсер ететін, майлардың артық немесе аномальды жиналуының нәтижесі.

Мүмкіндігінше жемістерді, көкөністерді, бұршақ тұқымдастарды (жасымық, бұршақтар), жаңғақтарды және бүкіл дәндерді (өңделмеген жүгері, тары, сұлы, бидай, тарылмаған күріш) көп пайдаланған жөн.

Аз дегенде күніне 400 г (5 кісілік тамақ) жеміс пен көкөністер, рационға күніне тұздың 5 г-нан аз мөлшерін қосу (бұл 1 шай қасыққа тең) және йодталған тұз пайдалану.

С.МЫҢБАЕВ,

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ

Басқарма төрағасы.

(Жалғасы келесі санда.)

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Қазақстан Республикасы қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен, Ұлттық валюта – теңгенің айналысқа шыққан күнімен құттықтаймын!

1993 жылдың 15 қараша күні Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығына сәйкес ұлттық теңгеіміз айналысқа енгізілді. Сол уақыттан бастап осы күн Ұлттық валюта күні және Қазақстан Республикасы қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып есептелінеді.

Елбасының төл теңгемізді енгізу туралы қабылдаған шешімі еліміздің тарихында шешуші қадам болды. Ұлттық валютаның айналысқа енуі нарықтық қатынастардың дамуына және тиімді банк жүйенің қалыптасуына жол ашты.

Теңге – бүгінде Қазақстан аумағында бірден-бір заңды төлем құралы болып табылады. Ел экономикасының өсуімен ұлттық валюта да нығая түсті. Қазіргі таңда ұлттық теңгеміз – біздің еліміздің негізгі мемлекеттік нышандарының ішінде өзінің ерекше орны бар, еліміздің қаржылық

тәуелсіздігінің символы болуымен қатар, қазақ елінің ұлттық болмысы бейнеленген маңызды құжат.

Бүгінгі таңда қазақстандық валюта: құн мөлшері, төлем, жинақтау және айналым құралы ретіндегі негізгі міндеттерін табысты орындап отырған толыққанды ұлттық ақша бірлігі болып қалыптасқанын біз мақтанышпен айтамыз. Бұл - тәуелсіздік тұғырының нығайғандығының анық айғағы.

Ұлттық теңгеміздің қалыптасып, нығаюына қаржы саласында еңбек етіп жатқан әрбір қазақстандықтың үлесі бар. Ғасырдан астам тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қызметіне қатысты айтар болсам, компанияның экономика және қаржы блогының ұжымы өздерінің күнделікті жұмыстарында заман талабы қойған жаңалықтарды меңгеруді өзекті санайды. Дәлірек айтсам, бүгінгі таңда компанияның есеп жүйесі толығымен жаңартылуда. Салық төлемдерін тіркеуді автоматты жүйеге көшіруді назарда ұстап отырмыз. Бұл жұмыс 2019 жылы толығымен аяқталады. Сонымен қатар, Компанияның қаржы есебін жүргізу барысында автоматтандыру жобасы қолға алынып, 1С «Жалақы» есептеу SAP жүйесіне толығымен көшіріледі. Компанияның есеп жүйесіндегі үлкен

ҚҰТТЫҚТАУ



жобаларды жүзеге асыру кәсіби біліктілігі жоғары мамандардың үлес қосуымен оң нәтижесін табатынына сенімдімін.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Сіздерге мықты денсаулық, еңбектеріңізге толымды табыс тілеймін!

Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА,

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

САҒЫНДЫРҒАН САРЫҚАМЫС

Жуырда өсіп-өнген өлкеге деген ерекше ықыласын нақты іске ұластырған елжанды азаматтардың арқасында ауыл тұрғындарының және ембілік мұнайшылардың ұйымдасуымен Прорва кенішінің 55 жылдығына орай Сарықамыс елді мекенінің орнына тарихи ескерткіш орнатылды.

Қазыналы, құтқа толы Сарықамыс елді мекенінің іргесі 1959 жылы Гурьев облысы Ембі ауданында жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде Прорва өңірінде жаңа мұнай кеніші бар екені анықталды. 1963 жылы кеніш өндірістік пайдалануға беріліп, «Прорванефть» басқармасы құрылды. Прорва кенішінің игерілуінің басталуына байланысты сол жылы кеніштен 25 шақырым қашықтықта 43 037,6 га жер аумағын алып жатқан Сарықамыс елді мекені бой көтерген болатын. Осынау шағын ғана ауылдан талай майталман мұнайшылар, өндіріс, ел басшылары түлеп ұшты.



Теңіз кен алаңының игерілуіне байланысты кеніштің санитарлық қорғаныс аймағында орналасқан Сарықамыс елді мекенінің тұрғындарын 2006 жылға дейін Атырау қаласы мен Жылыой аумағындағы Жаңа Қаратон кентіне көшіру туралы ҚР Үкіметінің қаулысы 2002 жылдың 18-наурызында қабылданған болатын. Кент тұрғындары өз қалауларымен 2006 жылы Атырау қаласындағы Сарықамыс ықшам ауданы мен Жылыой аумағындағы Жаңа



Қаратон ауылына толықтай көшірілді. Он жылдан астам уақыт өтсе де, Сарықамыс жұрты туған жерін, өлкесін әлі күнге дейін сағынышпен еске алуда.

Ескерткіштің ашылу салтанатына «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарматөрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары А.Габдуллин, ауылдың ардагерлері, тұрғындары, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметкерлері қатысты. Керілген лента қиылып, ауыл қариялары туған ауылға деген сағыныштарын тебірене еске алды.

– Тұрғындардың туған жерлерін ардақтап, ескерткіш орнатуы – болашаққа жасалған белгі ғана емес, ұрпаққа үлгі-өнеге, аманат деп білеміз. Осындай ескерткіш орнатқан азаматтарға мың алғыс, – деді **ауылдың байырғы тұрғыны, ардагер басқарма зейнеткері Сатыбалды Әділов.**

Салтанатты шара соңы «Каспий самалы» мұнайшылардың вахталық қалашығының мәжіліс залында өткен ауыл тарихынан сыр шертетін деректі фильмнің тұсаукесеріне ұласты.

– Бұл шараға ауыл тұрғындарымен қоса, осы жерден тәрбиеленіп шыққан бірқатар ембілік мұнайшылар қолдау көрсетті. Сонымен қатар, қомақты қаржы бөліп, демеушілік жасаған «Жылоймұнайгаз» МГӨБ кәсіподақ ұйымына да алғысымыз зор. «Бірлескен істе ғана береке бар» демекші, енді бұл – сарықамыстықтардың сағынып оралатын, өткенді, тай-күліндай тебіскен бақытты балалық шақтарын еске түсіретін тарихи орынға айналары сөзсіз, – деді **«Жылоймұнайгаз» МГӨБ басшысы Мақсат Наукенов.**

Жиын барысында аталған мұнай-өндіру басқармасы ұжымы кәсіподақ коми-

ТАРИХИ ОРЫН

теті мүшелерінің атынан Атырау қаласы Сарықамыс ықшам ауданындағы Қ.Қайсенов атындағы орта мектепте білім алатын әлеуметтік жағдайы төмен – 17, Жылыой ауданының Қаратон елді мекеніндегі 10, Қаратондағы Сарықамыс ауылындағы 5 балаға

қаржылай қайырымдылық көмек көрсетілді.

– Әрбір суретші жобаны жасау алдында қандай символиканы қолдану керектігіне ерекше мән береді. Ескерт-



кіштегі түйелер кездейсоқ алынып тұрған жоқ. Түйе – тарихымыздың қатпарында жатқан үлкен тарихи сырлардың куәгері. Сонау Асан қайғы, Жібек жолындағы саудагердің заманынан, кейін алғашқы мұнай өндірілген кезде түйелермен жеткізілгені де тарихтан белгілі. Сондықтан, түйе қазақпен бірге жаралған деуге толық негіз бар. Жоғарыда бейнеленген шаңырақ – қазақтың қабырғасы іспеттес. Қазақтың қайтпас мінезі, қайсарлығы, өмір жолы, табиғатымыз, кең даламыз – міне, осының барлығын жобада қамтуға тырыстым. Біз қойылған әр ескерткішке қуанамыз. Өйткені, кез келген белгі осы жердің иесі бар дегенді білдіреді, – дейді **сәулетші Матай Әбдірахманов.**

Дана халқымыз «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаса керек. Ұядан қияға ұшып, ат жалын тартып азамат боп кетсе де туған жерге деген құштарлық сезім әркімнің ет жүрегінде от болып алаулап тұратыны айдан анық.



ДЕНЬ ФИНАНСИСТОВ

15 ноября – День национальной валюты – тенге, профессиональный праздник работников финансовой системы РК.

И наша первая героиня – **Аккайша Абдрахманова**, много лет скрупулезно трудившаяся в финансовом секторе Эмбы. Карьерный путь Аккайша апа, как тепло называют ее коллеги, начался в 1974 году. Семнадцатилетняя девушка по наставлению родителей трудоустроилась в эмбинскую контору счетоводом, где в то время отец работал водителем, а мама диспетчером. Позже, в 1984 году, после значительных успехов на работе, Аккайша Урынгалиевна перевелась в управление Эмбы, где по достижению пенсионного возраста, в феврале 2015 года вышла на заслуженный отдых.

Как до сих пор отмечают коллеги, Аккайша апа за всю работу показала себя надежным и трудолюбивым сотрудником и доброжелательной коллегой. Поэтому она до сих пор поддерживает тесные взаимоотношения с коллективом, всегда со всей душой радуется за успехи молодых коллег и является желанной гостью на семейных торжествах.

* * *

Вторая наша героиня – заместитель начальника отдела по ведению учета и отчетности НГДУ «Доссормунайгаз» АО «Эмбаунайгаз» **Сауле Сарсекенова**.

ПРОФЕССИОНАЛ, НАСТАВНИК И ДРУГ

В преддверии праздника мы узнали, почему она решила работать в нефтегазовой сфере и каким был ее первый рабочий день.

- Мой отец, Сарсекенов Ками Жупканович, работал в Эмбе около 40 лет. Его карьерный... путь вдохновляющий и мотивирующий, поэтому всегда был примером для меня. Он начал работу как слесарь, но в итоге смог подняться до позиции начальника отдела труда и заработной платы. В своих разговорах он всегда хорошо отзывался о Компании, благодарил за то, что его труд оценили по достоинству. Впоследствии это и предопределило мой выбор, так как по отцовским стопам я также пошла в нефтегазовую сферу. Сейчас, когда я практически 20 лет проработала на производстве, я не могу говорить про себя лишь финансист. Потому что наша

работа взаимосвязана, и все мы являемся нефтяниками.

Первая ступенька в собственной карьерной лестнице – это работа оператором ЭВМ. Я до сих пор помню свой первый рабочий день, это было 18 апреля 1998 года. Я считаю, что он был самым счастливым. Так как меня ждала новая жизнь, новые люди, все было новым. Помню, как радовалась, когда коллектив тепло принял меня, а опытные коллеги учили работе, делились советами. Благодаря им работа приносила мне радость и была продуктивной. Сейчас, когда я являюсь заместителем начальника отдела по ведению учета и отчетности НГДУ «Доссормунайгаз» АО «Эмбаунайгаз», то сама стараюсь совершенствоваться в работе, чтобы стать для молодых коллег хорошим наставником.



АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯ

ҚМГ БӨ: АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ МЕРЗІМІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША ҰЗАРТЫЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларын сатып алу мерзімі 2,5 айға, келесі жылдың 31 қаңтарға дейін ұзартылды. Мұндай шешімді компанияда өз акцияларын бағдарлама аяқталуының бастапқы мерзімі, 16 қарашаға дейін сатуға үлгермеген акционерлердің өтінішімен түсіндіреді.

«Қазіргі сәтте барлық ірі акционерлер, әдетте, бұл заңды тұлғалар өз акцияларын сатты. Бізге негізінен жеке тұлғалар өтініш білдірді. Оларға өз акцияларын

сатуды ресімдеу үшін едәуір көп уақыт қажет. Бұның себебі тізілімде акционерлердің жеке деректері ескірген, оларды жаңарту біраз уақытты талап етеді», - деп атап өтті ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің төрағасы Дәурен Қарабаев.

Сонымен қатар, компанияда соңғы апта ішінде жеке тұлғалар тарапынан акцияларды сатуға өтініштер санының күрт өскенін атап айтады. Брокердің деректері бойынша, 13 қараша күні 363 037 акцияға 3 062 клиент атынан өтініш келіп түскен.

Артықшылықты акцияларды сатып алу бағдарламасының қалған шарттары өзгермеді. ҚМГ БӨ компаниясын тарату және оның барлық қызметін басты компания - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға беру бойынша алдағы уақыттағы жоспарлар да өзгеріссіз қалды.

Еске сала кетейік, ҚМГ БӨ 13 тамызда бір акция үшін 12 800 теңге бағамен 1 905 209 акцияға дейін көлемде еркін айналымдағы өзінің артықшылықты акциясын сатып алу туралы хабарлаған болатын.

АСТАНАДАН ЖЕТКЕН МАРАПАТ

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитетінен ағымдағы жылдың 27 шілде-3 тамыз күндері аралығында өткен V жас геологтардың ашық далалық олимпиадасын ұйымдастыруға ықпал еткені үшін «Ембімұнайгаз» АҚ-на Алғыс жетті.

Олимпиада жастарды кәсіптік бағдарлауға, оқушылардың геология ғылымдарын зерттеуге қызығушылығын арттыруға, өсіп келе жатқан ұрпақ арасында геологияны ғылым ретінде танымал етуге бағытталған. Сайысқа қатысушылары геологиялық тілімдерді және карталарды құрды, жолдарды белгілеп, минералогия және петрография негіздерін білуде бақ сынасқан болатын. Алғыс хатында компания

көрсеткен қолдаудың арқасында өскелең ұрпақтың геологиялық ғылымдарды зерттеуге қызығушылықтары оянып, геология саласының кадрлық негізі жасақталатыны атап көрсетілген.

Сондай-ақ, ЕМГ компаниясына аталған олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің төрағасы К.Каулдашев Алғыс хатын жолдаған.



АЛҒЫС



МҰНАЙШЫ ҚЫЗДАРҒА АРНАЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ТРЕНИНГТЕР

«Ембімұнайгаз» АҚ-да (бұдан әрі Компания немесе ЕМГ) құрылған «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен мұнайшы қыздар арасында «Қатерлі аурудың алдын алу» тақырыбында медициналық тренинг өтті. Компанияға қарасты 6 басқарма ұжымында ауысымдық әдіспен еңбек ететін қыздарды толық қамтуға тырысқан ұйымдастырушылар шараны әр басқармада екі реттен өткізді.

– Соңғы статистикалық деректерге жүгінсек, қатерлі ісік дерті жасарып бара жатырғаны анықталып отыр. Яғни, бұл дерт жас қыздар, келіншектер арасында өршіп бара жатқаны байқалады. Қолда бар деректерге сүйенсек, Қазақстан бойынша біздің өңір аталмыш аурудың тіркелуінен 3-орында тұр. Бұл – алаңдаушылық туғызатын жәйт. Соңғы уақытта

Компанияға қарасты ұжымдардағы мамандар арасында да осы дертке шалдығушылар қатары анықталып отырғаны бізді қатты алаңдатуда. Осы орайда, арнайы дәрігер мамандарды өндіріске шақырып, мұнайшы қыздар арасында аурудың алдын алу, алғашқы кеңестер ұйымдастыру мақсатында осы шараны өткізіп отырмыз. Кез келген дертті уақытылы емдеуді қолға алсақ, оң нәтиже берері сөзсіз, - деді тренингтің ашылу рәсімінде сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.

«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының Қарсақ кен алаңында, «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының С.Балғымбаев кен алаңында, «Қай-

ДЕНСАУЛЫҚ



нормұнайгаз» МГӨ басқармасының Жамансор базасында, «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының Прорва кен алаңы мен Күлсары қаласындағы орталық кеңсесінде, «Ембімұнайэнерго» мен «ӨТҚЖЖК» басқармаларында өткен тренингте облыс тұрғындарына кеңінен танымал онкогинеколог, маммолог дәрігерлер Ұлжан Хасанова мен Эльмира Сапаровалар мұнайшы қыздар алдында аталмыш дерттен сақтану жолдары, алғашқы белгілері туралы кеңірек насихат жүргізді. Тренингте спикер-дәрігер мамандар мұнайшы қыздар тарапынан болған сауалдарға кеңінен жауаптар беріп, арнайы дайындалған роликтерді көрсетті.

Тренинг соңында дәрігерлер мұнайшы қыздарды арнайы кабинеттерде қабылдады.



ЕМБІЛІК АРДАГЕРЛЕР

АЗАМАТ АЛҒАН АСУ

1972 жылдың қоңыр күзі Бәкеңнің есінде ұмтылмай сақталып қалған. Бүгінде Пайғамбар жасын артқа қалдырып, жетпістің желкенін желге кернетсе де, жастықтың жалынына толы сол жылдарды жиі-жиі еске алады. Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кен орындарын игеру технологиясы» мамандығы бойынша бітіріп, дипломмен туған ауылына оралған жас жігіт жолдамамен «Доссорнефть» басқармасының табалдырығынан аттады.

Алғашында мұнай өндіру операторы болып еңбек жолын бастаған Бағыт осылайша жаңа кәсіпорындағы ұлы көшке ілесіп жүре берді. Бүгінде Жайықты «мұнайшы маман кадрлар ұстаханасы» деп өте орынды атап жүр. Сол жылдары мұнда одақтың түкпір түкпірінен мұнай саласы жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар ағылғаны ақиқат. Бағыт өткен күндерді еске алғанда сол жылдары жұмыстас болған басшы ағалар мен қатарларын мақтанышпен әңгімелеп отырудан жалыққан емес.

1973 жылы қос өзен аралығында өз алдына дербес «Жайықмұнайгаз» басқармасы құрылып, отау тікті де, жоғарыда аты аталған жастардың барлығы да сол отаудың бір-бір уығын қадауға атсалысты. Соның бірі біз әңгімелеп отырған Бағыт Сматуллин болатын. Операторлықтан басталған жол көп кешікпей цех шебері, аға инженер, участке, цех, өндірістік қамту базасының бастығы қызметтеріне ұласты. Тумысынан еңбекқор, талапшыл, өзінен де өзгеден де қай істе де тәртіп пен турашылдықты талап ететін жігіт жаңа өндірісте шын мәнінде тәжірибе жинақтап, шындалды, адамдармен жұмыс жасауды үйренді, ұйымдастырушылық қабілеті ұшталды. Басқармадағы бүкіл өндіріс тынысы орталық инженерлік-технологиялық қызмет жұмысына байланысты. Міне, Бағыттың он жыл бойы тұрақты осы қызметті басқаруы тегін емес-ті. 1992 жылы Бағытқа тәжірибелі де сауатты маман ретінде сенім артылып, «Ембімұнайгаз» ААҚ-на шақыртылып алынып, алғашында техникалық бөлімінің, көп ұзамай мұнай және газ өндіру бөлімінің бастығы болып тағайындалды. Бұл сенімге де сызат түсірмеген мұнайшы жігітке 1995 жылы үлкен жүк – кезінде өзі іргесін қолдап қалап, шаңырағын көтерген «Жайықмұнайгаз» басқармасын

басқару міндеті жүктелді. Сөйтіп, басқармадағы қарбалас істерге толы күндер басталды. Бұл КСРО атты үлкен жүйенің күйреп, еліміздің өз тәуелсіздігіне енді-енді бастап қол жеткізіп, дамудың жаңа ырғағына түсе алмай жатқан шағы еді. Сондықтан, Бағыт енді ескіріп, сулана бастаған кен қабаттарының қайтарымын түсірмей отыра, жоспарлы тапсырмаларды мүлтіксіз орындауға күш салды. Басқармада мұнай өндірудегі негізгі бағыт, міндет – өндірілетін мұнай көлемінің табиғи төмендеуін баяулату, бірқалыпты ұстауға қол жеткізу болды. Ол үшін жаңадан кен орындарын игеру қажет. Сол себепті, өндіріс басшысы жеке өзінің қатысуымен бұрын іске қосылған Салтанат Балғымбаев, Оңтүстік Батыс Қамысты, Оңтүстік Шығыс Қамысты кен орындарына қоса жаңадан Ровное, Забурын, Оңтүстік Шығыс Новобогат мұнай кен орындарын игеруге тікелей басшылық жасап, жүзеге асырды. Соның нәтижесінде басқарма мұнайшылары жоспарлаған тапсырмаларын, оның ішінде өнім өндіру мен мемлекетке тапсыру, геологиялық-техникалық және ұйымдастыру-техникалық шараларын белгіленген мерзімде үнемі орындап отырды.

Бағыттың басшылық жұмысқа келгеннен кейінгі басты көңіл бөлген шаруасы жұмысшыларға жағдай туғызу, олардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуді бірінші кезекке қою болды. Қай кезеңде болмасын, өндірістің тиімділігі халыққа тигізер пайдасымен, жұмысшы-қызметкерлеріне жасар қамқорлығымен өлшенетіндігін жақсы түсінген еді ол. Ол жылдардағы басты проблема тұрғын үй мәселесі болатын. Бүгінде есептеп қараса, 1995-2003 жылдар аралығында 11663 шаршы метр тұрғын тұрғын үй пайдалануға беріліп, 172 отбасы жаңа пәтердің кілтін алған екен. Нәтижесінде үш қабатты үйлерден тұратын «Мұнайшы мөлтек ауданы» бой көтерді. Жұмысшыларға жағдай туғызу туралы айтқанда, Бәкең барлық цехтардағы жатақхана, асханалардың заман талабына сай болуына ерекше көңіл бөлді. 1999-2003 жылдар аралығында Забурын, Қамысты кен алаңдарынан 50 орындық жаңа асхана, С.Балғымбаев кен орнында мұнайшылардың демалыс, спорттық ойын бөлмелері бар 100 орындық, Жаңаталапта 25 орындық жатақхана, Қамысты кен алаңында ашық спорт алаңы, Аққыстауда химиялық жолмен киім тазалау, жуу цехы салынып, іске қосылды.

Басқарма ұжымы өзін жергілікті жер



проблемаларын шешуден тыс ұстамайтын. Аққыстау селосында 784 оқушыға арналған Абай орта мектебінің құрылысы «Ембімұнай» АҚ қаржысына басталып, пайдалануға берілуі аудан тұрғындары үшін үлкен қуаныш болғаны жасырын емес.

Мұнан кейін Бағыт Шабайұлы «Доссор-мұнайгаз» басқармасының бастығы болып абыройлы жұмыс жасап, ежелгі кәсіпорынды алға сүйреді. Және Солтүстік Жолдыбай, Шығыс Мақат кен орындарын игеруде, өндіріске мұнай өндірудің жаңа техникасы мен озық технологиясын енгізу, мұнай дайындау жүйесін жетілдіру және мұнайдың сапасын арттыру жолында орасан көп жұмыстар атқарды. Ал, зейнеткерлікке шыққанша «Ембімұнайгаз» ӨФ басқару аппаратында өндірісті жедел басқару бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

Әрине, өңірге танымал мұнайшы инженердің мұнай саласына сіңірген еңбектері әр жылдары бағаланып, өз бағасын алды. Оның дәлелі – «КСРО мұнай өндірісінің үздігі» медалімен, Қазақстан мұнайшының 100 жылдығына «Құрмет» орденімен, «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медалімен, ҚР мұнай-газ саласының дамуына белсенді қатысқаны үшін және «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің құрылғанына 30 жыл толуына орай Энергетика және отын министрлігінің Құрмет грамотасымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Құрмет грамотасымен, ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай - газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталуы.

Бүгінгі күні «Ембімұнайгаз» АҚ Ардагерлер кеңесінің төрағасы жұмысын атқарып келеді.

Жайнарбек БЕРЖАНОВ
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

«КАЗМУНАЙГАЗ»: ЦЕННОСТЬ УПРАВЛЕНИЯ КАТЕГОРИЕЙ

АО «Самрук-Казына» в рамках Программы трансформации проводит поэтапные системные изменения, которые направлены на эффективное управление денежными средствами. В частности, как отмечают в Фонде, внедрение категорийного управления закупками принесет экономический эффект в размере порядка 135 млрд тенге. Весомый вклад в эту цифру, безусловно, будет принадлежать «КазМунайГазу», входящему в число ключевых портфельных компаний Фонда. О работе, которая ведется нацкомпанией по совершенствованию закупочной системы, рассказывает Управляющий директор по закупкам и снабжению КМГ Ренат ДУЙСЕБАЕВ.

– Ренат Нурахметович, какие задачи стоят перед «КазМунайГазом» в трансформации закупок и какие результаты уже достигнуты компанией в этом направлении?

– Программа трансформации в АО Национальный фонд благосостояния «Самрук-Казына» (далее – Фонд) положила начало преобразований в закупочной деятельности во всех портфельных компаниях. В 2017 году Фондом была разработана и утверждена референсная модель по закупкам, а также семь стандартов закупочной деятельности.

В Стратегии развития «КазМунайГаз» на период 2018 – 2028 годов в усовершенствовании закупок обозначены 4 основных направления развития: единые процессы для всей группы компаний по закупкам ТРУ, прозрачность (усиление контроля над соблюдением процедур), внедрение категорийного управления, а также оптимизация складской логистики. Остановлюсь подробно на всех четырех направлениях.

На основе стандартов, разработанных Фондом, в 2017 году КМГ разработал и утвердил отраслевой регламент по закупкам, который описывает единые бизнес-процессы для группы компаний КМГ по планированию и организации закупок, категорийному управлению, управлению договорами и складской

деятельностью. На базе отраслевого регламента разработаны и утверждены документы для автоматизации закупочных процедур в единой ERP-системе.

Что касается прозрачности закупочной деятельности, то здесь нужно особо отметить значимость проводимых работ Фондом в области усовершенствования площадки электронных закупок, где наиболее существенными изменениями являются внедрение единой платформы – от планирования закупок до мониторинга исполнения договоров, что позволит достичь прозрачности на всех этапах осуществления закупок и автоматически исключить из закупок недобросовестных поставщиков путем фильтрации через реестры Фонда и государственных закупок.

«КазМунайГаз», в свою очередь, внедряет единый каталог цен по товарам для группы компаний КМГ, по согласованию с Фондом разрабатывает опросник для определения конечных бенефициаров поставщиков и выявления потенциального конфликта интересов в предстоящей сделке.

Работа по сокращению нарушений правил закупок ведется по нескольким направлениям. КМГ совместно с Фондом организовал тестирование и обучение сотрудников. По завершению обучения планируется проведение контрольного тестирования. На внутреннем ресурсе КМГ создана специальная страница по разъяснению некоторых норм Правил закупок товаров, работ и услуг АО «Самрук-Казына», где помимо вопросов и ответов, в качестве предупреждения для ДЗО, размещаются выявленные нарушения, допущенные некоторыми дочерними организациями. Также в 2018 году КМГ организовал первый форум закупщиков – диалоговую площадку для сотрудников закупочной деятельности КМГ и приглашенных гостей, в том числе руководителей службы контроля и мониторинга закупок Фонда.

Внедрение категорийного управления закупками (далее – КУЗ) является одним из важнейших для КМГ проектов в рамках реализации 1-й Инициативы Программы трансформации – «Реинжиниринг и цифровизация бизнес-процессов». Перед нашей компанией поставлена задача по охвату категорийным управлением не менее 80% от стоимости годовых закупок управляемых категорий к 2022 году. Для этого необхо-

ИНТЕРВЬЮ



димо разработать и утвердить закупочные категорийные стратегии (далее – ЗКС) по 39 категориям. Потенциал выгод от внедрения нового инструмента для компании мы оцениваем в 85 млрд тенге.

В августе прошлого года в КМГ создан профильный Центр компетенции в форме департамента категорийного управления и обеспечения товарами, работами и услугами (далее – ТРУ) крупных проектов. Данная структура решает задачи по снижению расходов на закупочную функцию, повышение качества закупаемых ТРУ путем стандартизации и унификации закупаемых товаров и услуг. Именно этот департамент отвечает за планирование категорий, разработку закупочных стратегий, а также мониторинг их реализации.

Однако департамент ни в коем случае не занимается централизованным закупом всего и вся. Одна ДЗО КМГ в среднем сейчас закупает порядка 7000 наименований товаров ежегодно. При этом, только 70 позиций в год из этого объема охвачено деятельностью департамента категорийного управления, что составляет около 1% наименований ТРУ в количественном выражении. Суммарно же охват КУЗ достиг 60%, и постепенно цифра будет расти.

Всего на сегодняшний день разработаны и утверждены 7 ЗКС: «Трубы для добычи и бурения», «Нефтедобычные насосы», «Закуп услуг автотранспорта для группы компаний КМГ», «Дизельное топливо», «Катализаторы каталитического крекинга», «Технические газы» – 1 этап, «Технические газы» – 2 этап. Из них: реализованы 3 стратегии, на стадии реализации 4 ЗКС.

Создание департамента категорийного управления – одно из значимых изменений, произошедших в КМГ с момента

стартаментом тактический закуп будет вестись на уровне ДЗО, а стратегический закуп по утвержденным категориям – на уровне корпоративного центра. Но здесь нельзя забывать о так называемом Перечне 1 – ЗКС, которые будут разрабатываться на уровне АО «Самрук-Казына». Это категории ТРУ, содержащие общие требования и возможность консолидации для всех портфельных компаний Фонда. Специалисты «КазМунайГаза» принимают в этой совместной работе активное участие.

– В чем особенности и преимущества категорийного управления, по сравнению с прежними закупочными процедурами?

– Суть КУЗ в том, что схожие по техническим и иным свойствам закупаемые материалы объединяются в категорию. Управление категорией подразумевает поиск дополнительной ценности, увеличение экономического эффекта, оценку совокупной стоимости владения и сокращение затрат по всей цепи поставок. Конкретные преимущества и эффект от КУЗ мы будем видеть позже, по мере реализации стратегий. Однако уже сейчас можно выделить очевидные плюсы внедрения категорийного управления. Во-первых, сегодня компания стала получать от потенциальных поставщиков выгодные предложения, базирующиеся на экономии масштабов за счет консолидации объемов закупок.

Во-вторых, когда закупочная категорийная группа «погружается» в деятельность дочерних компаний для оценки эффективности бизнес-процессов, зачастую это ведет к изменению последних. Как пример – усовершенствование производственных графиков по автотранспорту на нефтеперерабатывающих заводах. Благодаря трансформации подобных процессов, мы наблюдаем дополнительный эффект от экономии.

Однако внедрение КУЗ не означает отказа от старых механизмов закупок, при которых победителем признается поставщик, предложивший наименьшую цену за ТРУ. Каждый закуп рассматривается индивидуально.

Немаловажно, что договоры, заключенные на основе КУЗ, позволяют КМГ строить более партнерские отношения с поставщиками. В частности, можно сравнить их с долгосрочными контрактами, подписанными в прошлые годы. По таким соглашениям поставщик снабжает компанию товаром в течение нескольких лет. За это время инфляция, девальвация и другие потрясения на рынке «съедают» всю его прибыль. Нередко в таких условиях контрагент вынужден отказываться от поставок, что

влечет неисполнение обязанностей и штрафы.

Новая же модель управления закупками позволяет использовать различные рычаги в содержании договора, в том числе «формулу цены», которая разрабатывается и включается в шаблон договора тендерной документации. Данная формула содержит как фиксированные, так и переменные части. Последняя может быть изменена в зависимости от внешних факторов, таких как цена на сырье, стоимость услуг персонала и т.д. Подобная «формула цены» действует как в отношении поставщика, так и в отношении заказчика.

Еще один эффективный инструмент внедряемой системы закупок – это КПД, содержащийся в каждом договоре. С помощью КПД оценивается деятельность поставщика и заказчика. В рамках каждого контракта создается группа по управлению договором, которая включает в себя представителей всех сторон. Эта группа на ежеквартальной и полугодовой основе проводит сессии по обсуждению стратегических планов партнерства и оценке исполнения договора по КПД. По итогам таких сессий, при необходимости, в договор вносятся коррективы.

Хочу отметить тот факт, что при проведении тендерных процедур в рамках категорийных стратегий, КМГ в обязательном порядке сначала проводит тендер среди товаропроизводителей холдинга (далее – ТПХ), тем самым поддерживая отечественных производителей. И только в тех случаях, где ТПХ не могут обеспечить определенные товары и услуги, КМГ рассматривает поставщиков не входящих в реестр ТПХ. Поэтому следует обратить внимание товаропроизводителей Казахстана на важность включения своих предприятий в реестр ТПХ Фонда.

– Какие изменения грядут в складской логистике?

– Оптимизация складской логистики является четвертой инициативой, указанной в Стратегии КМГ. В основе инициативы лежит сокращение издержек и выстраивание эффективных процессов складской деятельности и логистики. Данный вопрос находится на стадии инициации и требует детального изучения, по результатам которого мы поймем – эффективно ли иметь отдельный склад для каждого ДЗО в одном и том же населенном пункте или имеет смысл создавать централизованные логистические хабы для хранения и доставки товаров конечным пользователям группы компаний КМГ.

Кроме того, на сегодня большинство

закупок осуществляется на условиях поставки DDP (Incoterms), где нередко, помимо прямых затрат, поставщики товаров накручивают маржу и на логистику. С внедрением автоматизированных процессов открываются возможности по переходу к услугам 3PL/4PL-операторов, что позволит дополнительно сократить издержки по управлению грузами и складами, в том числе за счет экономии масштабов.

– Расскажите о полученных результатах и дальнейших планах КМГ в части развития системы закупок. Какой вообще вы видите себе «идеальную модель компании» после воплощения всех инициатив трансформации?

– За полтора года моего присоединения к команде «КазМунайГаза» достигнуты значительные успехи – это разработка единых бизнес-процессов закупочной деятельности, создание центра компетенции по категорийному управлению закупками, разработка и реализация закупочных стратегий с достижением выгод порядка 3 млрд. тенге, успешное завершение первого этапа проекта Job Matching по отбору директоров департаментов, реализация непрофильных активов курируемых ДЗО.

На сегодняшний день КМГ представляет собой гигантский холдинг с очень большой диверсификацией, включая гостиницы, университеты, бизнес-центры и прочее. Но это не профильный бизнес национальной компании. И я вижу ее будущий успех в избавлении от ненужных активов и сосредоточении только на разведке, добыче, транспортировке, переработке и маркетинге нефти и газа. Нам нужно добиться выстраивания всех бизнес-процессов в правильном русле и с высокой эффективностью, а также прозрачности деятельности. Верю, что согласно планам, в 2021 году у нас будет выстроена двухуровневая вертикаль управления.

посетил многие дочерние производственные предприятия в Мангистауской и Атырауской областях, других регионах. Мы смогли убедиться – работа топ-менеджмента компании по вовлечению персонала в трансформацию не проходит даром. Люди на местах стали понимать необходимость изменений и проявляют готовность к ним в каждодневной работе. Более того, у них самих происходит, что называется, «трансформация умов». Все это позволяет смотреть на результаты всех нынешних преобразований в КМГ с оптимизмом.

Беседовал Максим ШИМАНСКИЙ

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

ГОБОЙ ҮНІ

Гобой үні – атыраулық жас таланттың шығармашылық кеші осылай аталды.

Жуырда Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияда жас та болса үлкен өнер иесі, Атыраудың мақтанышына айналған Айнель Тұрағалиеваның концерті өтті. Камералық оркестрмен бірге ол Вивальди, Платти, Марчелло және тағы басқалардың шығармаларын гобой аспабымен орындап, кештің сәнін әсем әуенмен әрледі.

Айнель 8 жасынан бастап музыкаға ерекше бет бұрып, осы уақытқа дейін сүйікті аспабын еш тастаған емес. Дарынды балаларға арналған Н.Тілендиев атындағы кіші өнер академиясында

білім ала жүріп, Айнель республикалық, бүкілресейлік және халықаралық конкурстардың Бас жүлде иегері, лауреаты атанған болатын. Музыкаға деген сүйіспеншілік пен табандылығы мәскеулік аудиторияны бағындыруға септігін тигізіп, ұстаздардың оң бағасына ие болды. Жас өнерпаздың өнеріне тәнті болған ұстаздары Айнельді Гнесиндер атындағы Мәскеу музыка мектебіне оқуға түсуге ұсынады.

Күрделі қабылдау емтихандарынан сүрінбей, сынақтарды сәтті тапсырған Айнель – бүгінгі таңда аталған білім ордасының ақылы бөлімінің шәкірті. Әкесі Ғалилolla Хұсайынұлының айтуынша, өнер иесінің арманының орындалуына «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы үлкен септігін тигізді. Компания Тұрағалиевтердің өтініштеріне бірден елең етіп, демеушілік көмек көрсетті. Облыстық филармо-

нияда өткен шығармашылық кешті Айнельдің туыстарымен бірге ЕМГ АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова тамашалады. Ол жас дарындарды қолдап жүрген кешті ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, Айнельге алдағы өмір жолында сәттілік мен биік белестерді бағындыруға тілек-тестік білдірді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Енді қауіпсіздік саласындағы құқық-бұзушылықтар, сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану жөніндегі ақпаратты WhatsApp әлеуметтік желісі және SMS хабарламамен жіберуге болады. Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстар қызметі



МЕНШІК ИЕСІ: «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ



ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор:
Айгүл Ертлеуова



<https://www.facebook.com/100016808373445>



https://www.instagram.com/ao_embamunaigas



<https://t.me/embamunaigas>



www.emba.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат**

ГАБДУЛЛИН – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат**

ӘДІЛБЕКОВ – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; **Бауыржан**

БАЛЖАНОВ – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ – Басқарма

төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары; **Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА**

– қызметкерлерді басқару және еңбекке

ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА

8 (7122) 99-34-77

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғалия ҚАРАЖАНОВА

8 (7122) 99-34-21,

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

Айгүл ЕРТЛЕУОВА

8 (7122) 99-32-09,

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz